

"Т. Рысқұлов ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы №18-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 2-8 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде № 3038 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 14-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 12.04.2017 № 14-5 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Т. Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ КАБЫЛДАДЫ:**

1. "Т. Рысқұлов ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 18-7 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2035 болып тіркелген, 2013 жылдың 19 қарашасындағы) "Құлан таңы. Оғни Кулана" газетінде жарияланған") келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

9 тармақтың бірінші абзацы келесі басылымда жазылсын;

отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің бес еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда дәрілік заттарға төзімді

туберкулез ауруымен ауыратын, амбулаториялық ем жалғастырушы адамдарға ай сайын 12 372 (он екі мың үш жүз жетпіс екі) теңге, ал туберкулездің 1 және 2 санатында қысқа мерзімде амбулаториялық ем алатын адамдарға 6 айға әр науқасқа айына 5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К. Арыстанбеков*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Ш. Косалов*